

## Алматы қаласының жергілікті атқарушы орган басшылары тыңдалды.

**29.04.2015**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы Қоғамдық Кеңесінің кезекті отырысы өткізілді. Қоғамдық кеңес мүшелері жергілікті атқарушы орган басшыларының баяндамаларын тындап, шешімін таппаған мәселелер бойынша бірқатар ұсыныстар енгізді.

Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму Басқармасының басшысы Альфия Балова аталмыш орган тарапынан көрсетілетін 13 мемлекеттік қызметтің 9-ы электронды нұсқаға өткенін атап өтті. Бұл орайда, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары-Қоғамдық кеңес Төрағасының орынбасары Дархан Елтоков кәсіпкерлікті қорғау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басым міндеттерінің қатарында екенін атап өтті. «2014 жылы шаһарда кәсіпкерлікті дамытуға жауапты қалалық әкімдіктің қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қатысты 3 қылмыстың жасалғаны анықталды. Аталған қылмыстық істер пара алу және қызметтік бабын асыра пайдалану фактілері бойынша тіркелген», - деді Дархан Елтоков.

Сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы қоғамдық кеңес мүшелері электрондық сайтта мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың орналастырылмағандығы үшін Автомобиль жолдары басқармасының басшысына ескерту айтты. Оған қоса, Қоғамдық кеңес мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шараларының тиісті дәрежеде атқарылып жатқан жоқ екендігін де айтып өтті.

Құрылыс Басқармасының басшысы алдын алу шараларының жоғары дәрежеде жүргізіліп жатқандығы туралы баяндама жасады. Дегенмен, Басқарма басшысына қызметкерлерінің атқарылған жұмыс актісіне қол қою барысында қызметтік жалғандыққа барғаны үшін 2014 жылы бір қылмыстық істің тіркелгендігі туралы айтылды. Ал үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында бюджет қаражатын мақсатсыз жұмсап қызметтік бабын асыра пайдаланғаны үшін сотқа дейінгі тергеу жүргізілген. Бұдан бөлек, Алматы қаласының кәсіпкерлер қауымдастығының Президенті Виктор Ямбаев Құрылыс Басқармасы басшысының назарын көпқабатты үйлердің бірінші қабатында бизнеспен айналысу мәселесіне аударды. «Көпқабатты үйлердің бірінші қабаттарын қайта құрастырудың бірінғай жобаларының жоқтығынан тиісті құжаттарды рәсімдеу кезінде мемлекеттік қызметкер мен кәсіпкердің арасында жемқорлық фактісінің орын алуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, ғимараттың сейсмотұрақтылығына кері әсер етпей қоймайды. Осындай әкімшілік рәсімдер үшін бірінғай стандарттар әзірлеп шығару қажет», - деді Виктор Ямбаев.

Отырыстың қорытындылары бойынша, Қоғамдық кеңес Төрағасы Станислав Конкуров сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты айтылған ұсыныстардың барлығы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне және әкімдіктің тиісті басқармаларына жіберілетінін айтты.



## **Заслушаны руководители местных исполнительных органов города Алматы.**

**29.04.2015**

Состоялось заседание Общественного совета при Департаменте Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Алматы. На заседании члены Общественного совета заслушав доклады руководителей местных исполнительных органов о проводимой работе по профилактике и предупреждению коррупции, выработали предложения по устранению ряда проблем.

В своем докладе руководитель Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития Альфия Балова отметила, что 9 из 13 государственных услуг, оказываемых данным органом были переведены на электронный формат. Вместе с тем, заместитель Департамента по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Алматы – заместитель Председателя Общественного совета Дархан Ельтоков подчеркнул, что защита предпринимательства является одним из приоритетных направлений в деятельности Антикоррупционной службы города Алматы. «В 2014 году было выявлено 3 факта совершения коррупционных преступлений работниками акиматов, на которых возложены функции оказания содействия в развитии предпринимательства в мегаполисе. Данные уголовные дела были зарегистрированы по факту получения взятки и превышения должностных полномочий. Материалы всех 3-х уголовных дел были направлены в суд», - отметил Дархан Ельтоков.

Кроме того, члены Общественного Совета при Департаменте Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Алматы высказали замечание руководителю Управления автомобильных дорог за отсутствие информации о государственных услугах на электронном сайте Управления. Также члены Общественного совета отметили, что работа по профилактике коррупции не ведется на должном уровне.

Руководитель Управления строительства в своем докладе отметил, что профилактическая работа идет на высоком уровне. Однако, руководителю было напомнено, что в 2014 году было выявлено 1 преступление в отношении работников Управления строительства г.Алматы по факту служебного подлога при подписании фиктивного акта выполненных работ. А в 1 квартале 2015 года проводилось досудебное расследование в отношении должностных лиц Управления по факту злоупотребления должностными полномочиями, связанного с нецелевым расходованием бюджетных средств, выделенных по проекту акимата г.Алматы. Вместе с тем, Президент Алматинской ассоциации предпринимателей Ямбаев Виктор обратил внимание руководителя Управления строительства на проблему ведения бизнеса на первых этажах многоэтажных домов. «Из-за отсутствия единых преков реконструкции первых этажей многоэтажек существует коррупционный риск между предпринимателями и государственными органами, что в конечном итоге приводит к нарушению норм

сейсмоустойчивости зданий. Следует разработать единые стандарты для такого рода административных процедур», - подчеркнул Виктор Ямбаев.

В завершение заседания Председатель Общественного совета Станислав Конкуров отметил, что прозвучавшие предложения по предупреждению коррупции будут направлены в Агентство РК по делам государственной службы и противодействию коррупции и соответствующим Управлениям акимата города.

